

*Қарақалпақ филологиясы
факультетінің Қазақ
филологиясы тәлім – бағдарының
3–курс студенті Кенжебаева Гулмираның*

«Қазіргі қазақ тілі» пәнінен

Реферат

Тақырыбы: «Абай шығармаларындағы
синтаксистік тәсіл арқылы жасалған сөздер»

Қабылдаған: Адилова Г.

Нөкіс - 2014

ЖОСПАРЫ:

Кіріспе

1. Абай және қазақ әдеби тілі

Негізгі бөлім

Абай шығармаларындағы сөз жасаудың синтаксистік тәсілі

1. Қос сөздер

2. Біріккен сөздер

Қорытынды

Кіріспе. Абай және қазақ әдеби тілі

Абайдың қазақ әдеби тілі даму тарихындағы алатын орны туралы қазіргі қоғамдық ой-пікірімізде негізгі бір тұжырымы бар, ол: Абай-қазақтың қазіргі жазба әдеби тілінің ірге тасын қалаушы деген қағида.

Абай творчествосының тілі бұрынғы қазақ әдеби тілінің жаңа этапы болып саналуға бірнеше дәлел фактілер бар. Олар, негізінен, тілдің даму процесіндегі принциптер мен бағытқа байланысты. Ең алдымен, Абай мен Ыбырай бұрынғы өмір сүріп келген қазақ әдеби тілінің қоғам өмірінде әрі қарай қызмет етудегі азаматтық правосын принципті түрде бекітті. Әрі қарайғы қоғамда «кітаби тіл» нормалары емес, бұрыннан да едәуір бел алып келген қазақ әдеби тіл нормалары негіз болуын анық, айқын түрде көрсетті. Абай қазақ әдеби тілін жаңа сатыға көтергенде бұрынғы принцип-бағыттардың күллісін жоққа шығарған жоқ, керісінше, ең басты, өмірлік белгілерін сақтап, оларды әрі қарай ұстады.

Абайдың қазақ поэзиясы тіліне қосқан үлесі, істеген еңбегі, енгізген жаңалықтары ретінде мына тақырыптарды көрсетіп, оларды жеке-жеке талдаған жөн:

1. поэзия тіліне қаламгер қолтаңбасын салу дәстүрі, яғни шығармашылық (творчестволық) контекст дегеннің Абайда айқын көрінуі.
2. өлең тілінің сөздік құрамына енген өзгерістер;
3. айқындық пен дәлелдік;
4. фразеология саласындағы жаңалықтар мен өзгерістер;
5. жеке сөздерді таңдап, талғап жұмсау, оларды поэтизмге айналдыру;
6. өлеңнің синтаксистік– композициялық құрылысына енген өзгерістер.

Бірінші. Абайда өз қолтаңбасының (шығармашылық контекстің) айқын көрінуі. Абай әдебиеттің, яғни өлеңнің іші «поэтикалық ойға» - «идеяға» толы болуына күш салды. Абайдың өз қолтаңбасын сипаттайтын мынадай тілдік фактілерді көрсетуге болады:

1. Абай қаламына бір ұғымды әр алуан тұрғыдан айқындау, ол үшін дәстүрлі эпитеттерді де, жаңаларын да пайдалану тән. Мысалы (*ет жүрек, ит жүрек, ыстық жүрек*) дегендерінде тұрақты эпитеттерді жұмсаса, (*асау жүрек, асыл жүрек, қырық жамау жүрек*) дегендерінде жаңа белгілерді, тосын эпитеттерді келтіреді.

Абай тіліндегі тың элементтер- бір жағынан, ауыспалы мағынада келтірілген образды сөздер. Мысалы: «*Сүтпен енген надандық, қырмызы қызыл жібек бозбала*» дегендердегі анықтауыштар өздері қатысты нәрселердің бойларына тән сындары емес, ауыспалы мәнде бейнеленген сөздер. Ал екінші жағынан, Абай қолданған эпитеттердің көпшілігі заттың тікелей сыр-сипатын көрсететін нақтылы сындар болып келеді; *ыңғайлы ықшам киім, жарық ай, желсіз түн*. Бір объектіні әр қырынан анықтау арқылы Абай сөздің метафоралық қызметін ұлғайтады, олардың тіркесу мүмкіншілігін кеңейтеді.

2. Абайдың өзіне тән қолтаңбасын танытатын белгілердің және бірі-экспрессивтік бояуы күшті, модальдық реңкі бар сөздерді образ үшін шебер пайдалануы. Мысалы «Болыс болдым мінекей» деген өлеңінде Абай болыс, шабарман, пысықтардың портретін жасау үшін (*жалпылдап, жымыңдап*) деген жағымсыз бейнелі етістіктерді келтіреді.

Бүкіл поэзиясы жалғыз көңіл күйі лирикасы емес, өзге де жанрларды қамтитын Абайдай ақынның тілінде тұрпайы элементтердің болуы шығарманың экспрессиясы үшін қолданылған амалдар жүйесінің талабы деп тану қажет. Абай бұл тәрізді стильдік мәні бар элементтерді жүйелі түрде пайдаланып, әрі өз қаламына тән, әрі ұтымды тәсілдердің біріне айналдырған.

3. Кейбір грамматикалық тұлға- тәсілдерді жандандырып, жиі қолдануы да, біздің байқауымызша, Абайдың өз қолтаңбасын танытатын белгілердің бірі бола алады. Мысалы оның өлеңдерінде (*кісімсіну, батырсу, еркесу*) тәрізді (-сы) жұрнағы арқылы жасалған сөздер көзге

түседі. Бұл тәсілмен Абай жеке сөздерді ғана емес, (*жер тәңірісу, еңбегі жоқ еркесу*) сияқты жаңа тіркестерді де жасайды.

Екінші. Абай шығармашылығы арқылы қазақ көркем сөзінің лексикалық құрамына өзгеріс енді. Ол өзгерісті туғызған екі нәрсе: бірі- ақын жырлаған тақырыптар мен шығармаларының жанрлық құрылысы, екіншісі- жаңа образдар іздеу. Абай ең алдымен қазақ поэзиясының тіліне бұрын көп ұшыраспайтын лексикалық топтарды қатыстырады. Оның басты тақырыбының бірі- адам, адамның моральдық бет-бейнесі, сыртқы портреті, іс-әрекеті. Сонымен қатар адамның психологиялық күйін білдіретін сөздерді өлең тіліне молынан енгізді. Мысалы, сүйіскен жастардың бір-бірімен кездескен кездегі көңіл күйлерін дәл беру үшін бұрыннан жиі қолданылатын (*жүрегі лүпілдеу, буыны босау, жүрегі елжіреу*) тәрізді тіркестермен қатар (*суыну, ысыну, елең қағу*) сияқты жай-күй атауларын пайдаланады.

Үшінші. Абай поэзиясының тіліне айқындық пен дәлдік тән.

Дәлдік үшін өмір шындығына сай образдарды алу- басты шарт. Сондықтан Абай қолданған образдардың басым бір тобы қазақ халқының көп ғасырлық күн көріс тіршілігінің негізі малға байланысты болып келетіндігін көреміз. Еңбексіз күн көрісті жөн көретін замандастарының жағымсыз портретін беруде; *Үш күн қолың босаса, бола қалдың бас асау*, немесе; *Ұрлық пенен қулыққа Байлағанда кестің бау* деп келтірген образдары жылқыға қатысты. Абай өлеңдерінде күлкіні –*мәліш саудаға*, алыс-берісті *асық ұтысқа* бозбаланы *оңғақ бұлға* баласа мұндағы (*мәліш сауда, асық ұтыс, оңғақ бұл*) барлығы да өз тұсындағы қазақ тіршілігіне таныс нәрселер. Сонымен қатар Абай образдар жасауда айналадағы болмыс тіршіліктің малдан басқа да жақтарын қатыстырады». «*Өз үйінде өзендей Күркірейді айтса дау*» десе, өзеннің күркіреуі қазақ оқырманы үшін жат емес, өмір шындығы. Абай өлең сөзінің «іші алтын, сырты күміс» болуын тілегенде, ол поэзияның терең мәнді, аз сөзді болу принципін

ұстаған. Сондықтан да болар Абайда дәстүрлі эпитеттерден гөрі, жаңалары көбірек кездеседі.

Төртінші. Қазақ поэзиясы тілінің даму барысында Абай енгізген өзгеріс, жаңалықтардың ең бастысы- фразеология саласында болды.

Ең алдымен, ол фразеологияны поэтикалық экспрессияның құралы ретінде жұмсауды күшейтті. Белгілі бір образды беруде бейнелі тұрақты тіркестер аса бір оңтайлы құрал екені мәлім.

Ақын жас адамның (Әбдірахман) өнер-білімге ұмтылғанын құр «талаптанды, ұмтылды» деп қойса, ол сөздердің поэтикалық бояуы «талаптың мініп тұлпарын» дегенмен шендесе алмас еді. Алғашқы сөздерде хабарлау (констатация) бар, образ жоқ, соңғы тіркесте бояуы қою поэтикалық образ бар. Кез келген тіркес көркем образ жасау міндетін көтере бермейді. Мысалы өмір сүру, өмір кешу дегендер де фразеологизмдер, бірақ осылар өмір тонын кию, өмірдің өріне шығу деген абайлық тіркестердің экспрессивтік әсерін бере алмайды.

Абай фразеология саласында түбірлі өзгеріс жасады деуге болады. Ол өзгеріс біздіңше үш түрлі сипаттағы іс-әрекеттен тұрады: Бірі- перифрастикалық тіркестерді мол қолдану, екіншісі- жаңа тіркестер жасау, үшіншісі- бұрынғы тіркестерді өзгертіп қолдану.

Қазақтың байырғы әдеби тілінде өмір мен өлімді перифраздап атау жиірек кездесетін. Өмірді Абай да «*сұм жалған, сұм дүние, қайран дәурен, бұлдыр заман*» деп суреттеп атаса, бұл перифраздардың көбін өзіне дейінгі әдеби тілден алды. Дегенмен Абай перифраздардың көбін өзі жасаған. «Сап, сап, көңілім сап көңілім» деп, сұлуға құмартқан арманның өзін тура атамай, оны «*қарсақ жортпас қара адыр*» деп ауыстырып атайды. Ең алғаш рет Абай тілінде көрінген *талаптың аты, үміттің аты, қараңғылық пердесі, қайғы оты* дегендері де перифраздау тәсілімен туғандар. Қазақ поэзиясы тілінде перифрастық құбылыстың өте әсерлі үлгісіне Абайдың өз заманын *соқтықпалы, соқпасыз жер* деп атауын

немесе ұлғайып қартаң шағын *сұрғылт тартқан бейуақ* деп бейнелеуін жатқызуға болады.

Абай қазақ әдеби тіліне едәуір жаңа сөздер қосты, бірқыдыру сөздердің мағынасын саралап жаңғыртып оларды жаңа сөздер ретінде ұсынды, дегенмен бұлар Абай жасаған жаңа тіркестермен сан жағынан да сипаты жағынан да теңесе алмайды.

Абай қызметі мен құрылымы жағынан әр алуан жаңа фразеологизмдерді ұсынады:

а) Мағыналары жағынан бір-біріне жанаспайтын сөздерді тіркестіреді. *Үміттің аты, көңілдің жайлауы, ұяттың күзетшісі* тәрізді тіркестердің компоненттері жеке-жеке алғанда, мағына жағынан бір-бірінен мүлде алшақ ұғымдардың атауы. Олардың алшақтығы бірінің дерексіз ұғым, екіншісінің нақтылы зат атауы екендігінде. Сондықтан бұлар тіркесе қалған күнде, олардың туғызатын мағынасы мүлде жаңа болмақ; *үміттің аты, талаптың тұлпары* дегенде, үміт те, талап та алға қарай ұмтылатын нақты зат ретінде елестейді де, образ пайда болады.

б) Абайдың қазақ көркем тіліне қосқан және бір жаңалығы бұрынғы тұрақты тіркестерді жаңғыртып, өзгертіп қолдануында. Абай дәстүрлі тіркесті алып, оның бір-екі сөзін синонимдерімен алмастырады да, мағынасын сақтайды. Мысалы уайым жеу тіркесін *қайғы жеу* деп өсекке таңуды *өсекке салу* деп сөз түспеді деудің орнына *тілге сөз түспеді* деп береді. Сол сияқты ант бұзуды *ант шайқау* ақылы кіруді *ақылға ену* деп өзгертіп құру Абайда жүйелі тәсілге айналады..

Бесінші. Өлеңге қатыстырылатын жеке сөздерді таңдауда Абай ұсынған және бір амал-сөздік пен шығарма стилінің сәйкестендірілуі.

Егер өлең суреттеме сипатында болса, оған таңдап алынатын сөздер көбінесе көз алдыға белгілі бір картинаны елестететіндер болады. «Қан сонарда бүркітші шығады аңға» өлеңі суреттеу мәнеріндегі тұңғыш тамаша үлгі болып табылады. Аң аулау картинасын көзге елестетіп беру

үшін ақын жанды-жансыз заттардың атауларымен іс-әрекет, қимыл аттарын тура мағынасында жұмсайды; қыран оның аспанға қайқаң қағып шығуы, түлкінің аузын ашып қоқақтап тұрғаны, қанат-құйрықтың төмен қарай құйылғанда, суылдап ысқырғаны т.т.

Сөз таңдауға келгенде, көңіл аударатын саланың бірі- *ұйқасқа айналатын сөздер*. Абай «ең салмақты», бейнелі образ жасайтын сөздерді таңдап алып, тармақ соңына шығарып, ұйқасқа қатыстырады. Ақын замандастарының жағымсыз бейнесін суреттеу үшін ақын еліктеуіш, бейнелеуіш сөздерді ұйқасқа алады, өйткені олар адам баласының мінез-құлықтарын жағымсыз жақтан көрсетуге бейім сөздер. Абай «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым» өлеңінде бастан-аяқ *қыртың, бұртың, жыртың* сияқты сөздерді тармақ соңына шығарады, осындай бояуы жоқ өзге сөздерді *жұртым, ұртың, мұртың* алдыңғылармен ұйкастырады. Өз тұсындағы болыс, пысықтардың жағымсыз портретін бергенде *ұйқасқа жалпылдап, барқылдап* деген сияқты түбірі еліктеуіш болып келетін образды сөздерді алады.

Алтыншы. Абай қазақ өлеңінің құрылысына да бұрын-соңды болып көрмеген жаңалықтар енгізді. Бұл жөнінде Қ.Жұмалиев айтып дәлелдеген болса, соң З.Ахметов қазақ өлеңі құрылысын ғылыми негізде талдаған еңбегінде кеңінен сөз етеді¹. Абай ең алдымен өлеңнің ұйқас түрлерін көбейтіп, құбылтты. Оның ішінде шалыс ұйқас **а б а б** пен 6,7,8,14 тармақты жаңа шумақтардың ұйқас фигурасы-қазақ поэзиясында бұрын болмаған мүлде тың дүниелер.

Өлеңді шумақтау саласында да Абай көп жаңалық қосты. Абай өлеңдері арқылы қазақ поэзиясында бірнеше түрлі шумақтар пайда болды. Бұрынғы 11 буынды, 4 тармақты шумақпен қатар 8 тармақты (Сегізаяқ), 6 тармақты (Кешегі Оспан), 14 тармақты (Ата-анаға көз қуаныш) шумақтық құрылымдарды ұсынды.

¹ А.Байтұрсынов. Казактың бас ақыны. «Казак» газеті. Кітапта: Абай 2-том.1986

Негізгі бөлім.

Абай шығармаларындағы сөз жасаудың синтаксистік тәсілі

1. Қос сөздер

Сөз жасаудың синтаксистік тәсілдері-сөздердің қосарлануы, бірігуі және тіркесуі Абай тілінде қазіргідей жүйелі амалдар, бірақ өнімділігі жағынан бірдей емес.

Қазақ тіліндегі қос сөздердің құрамдарындағы компоненттер я бір сөздің ешқандай өзгеріссіз қайталануынан, я оның бір сыңарының, не бір буынының, не бір дыбысының өзгеріліп жамалуынан құралады немесе морфологиялық жағынан бір тектес я синоним, я антоним сөздерден салаласып құралады. Негізгі осы ерекшеліктеріне қарай, қос сөздердің компоненттері семантикалық жағынан я бірдей, я пара-пар болады да, синтаксистік жағынан я ұқсас, я тепе-тең келеді. Бірақ қос сөздердің компоненттері дыбыстық жағынан үнемі пара-пар я тең бола беруі шарт емес. Сөзді қайталау және қосарлау тәсілі- өзінше ерекшелігі мол құнарлы жүйе. Бұл жүйе бойынша сөзді қайталаудан, я қосарлаудан белгілі мағыналар туады.

Қайталама қос сөздер

Қайталама қос сөздер белгілі бір сөздің я қосымшасыз, я қосымшалы түрінің екі рет қайталануы арқылы, я сол сөздің не бір дыбысының немесе бір буынының өзгеріп қайталануы арқылы жасалады. Қайталама қос сөздер компоненттерінің ерекшеліктеріне сәйкес, қалыптасқан сыртқы дыбыстық және морфологиялық формаларының өзгешеліктеріне сәйкес, қалыптасқан сыртқы дыбыстық және морфологиялық формаларының өзгешеліктеріне қарай төрт түрлі болады.

1. Қосымшасыз түбірдің қайталануынан құралатын сөздер
2. Қосымшалы түбірдің қайталануынан құралатын қос сөздер
3. Бір сыңарының дыбысы өзгеріп құралатын қос сөздер
4. Бір сыңары ықшамдалып қайталанатын қос сөздер.

1. Ешқандай да қосымшалар жалғанбай-ақ, бір түбір екі рет қайталау арқылы жасалатын қос сөздерге жол-жол, биік-биік, кім-кім, бөлек-бөлек, әрең-әрең, жеке-жеке, қарқ-қарқ сияқты формалар жатады. Бұл қос сөздер әуелгі түбір қай тұлғада тұрса, сол тұлғада тұрып жай қайталану арқылы жасалады. Осы себептен бұл топты жай қайталама қос сөз деп атауға болады. Мысалы:

Кімде-кім үлкен болса екі мүшел,

Мал беріп алғанменен қатын емес (174).

Сырттансынбақ, қусынбақ, өршілденбек,

Сыбырменен топ жасап *бөлек-бөлек* (12).

Аяғы тымақты алшы кигізгендей,

Кісіні *бол-бол* қағып жүргізгендей (33).

Жеке-жеке біреуі жарытпайды,

Жол да жоқ жарыместі жақсы демек (77).

Қайта-қайта оқысам бір дұғаны,

Сөніп қалған жүректе жанады шоқ (50.2).

Алды *сап-сап*

Кетті мақтап, тұрды ма? (125.1).

Бұл қос сөздердің бірде-біреуі бастапқы түбірден мағына жағынан өзгеше болып түсінерліктей жаңа лексикалық мағына білдірмейді, тек олардың семантикасына саралау, топтау мағынасы жамалып, стилистикалық қызметіне өзгеріс енеді.

2) Қосымшалы түбірдің қайталануы арқылы жасалатын қос сөздер тобына түбірге жұрнақтар да, жалғаулар да жалғанып қосарланатын сөздер жатады. Мысалы: көре-көре, сөйлей-сөйлей, басты-басты деген қос сөздерде қайталанған түбірдің екеуіне де бір түрлі жұрнақ (-й, -е, -ты) қосылса, қызу-қызба деген қос сөзде қайталаған түбірдің екеуіне екі түрлі (-у, -ба) жұрнақ жалғанып тұр. Ал ел-елдің дегенде тек соңғы сыңарына ғана жалғау (-дың) жалғанып тұр. Мысалы: Бұл жасқа келгенше жақсы

өткіздік пе, жаман өткіздік пе, әйтеуір бірталай өмірімізді өткіздік: алыстық, жұлыстық, айтыстық, тартыстық-әурешілікті *көре-көре* келдік (95.2). Әншейін осылардың ызасынан ба, *өзіме-өзім* ыза болғанымнан ба, *өзіме-өзім* ыза болғанымнан ба, яки бөтен себептен бе, -білмеймін (105.2). ..Жұртқа пайдасы тимек түгіл *түрлі-түрлі* зарарлар хасил қылады (149.2). Екі ортада бұл дүниенің рақатының қайда екенін білмей, *бірін-бірі* аңдып, *біріне-бірі* мақтанып, есіл өмірді ескерусіз, босқа жарамсыз қылықпен, қор етіп өткізеді де, таусылған күнінде бір күндік өмірді бар малына сатып алуға таба алмайды (101.2).

Өз-өзіңнен бейнетке

Өз басыңды саласың (6.)

Қолдан достық жасап ем *болар-болмас*

Итмұрындай наданның жыртты бірі (39.1).

Үйіндегі бір нанды

Бір ай жеді *аз-аздан* (64.2).

Қосымшалар жалғанып қосарланған бұл сөздердің де лексикалық мағыналары өзгермей, тек семантикалық мағынасы мен стилистикалық қызметтеріне ғана қосымша реңктер жамалады. Бұл қос сөздер қайталанатын түбірдің я біреуіне, я екеуіне де бірдей қосымша жалғанып жасала беретіндіктен, оларды қосымшалы қос сөз деп атауға болады.

3) Бір сыңарының дыбысы өзгеріп құралатын қос сөздерге кісі-місі, қағаз-мағаз, кітап-мітап, шай-пай, қалт-құлт сияқты формалар жатады. Тарихи бұл топ та түбірдің бастапқы кездегі жай қайталауынан шыққан; олардың екінші компоненттері бірінші сыңарларының ритмикалық жаңғырығы ретінде жұмсалатын болып қалыптасқан. Бұл қос сөздерден де жаңа лексикалық мағына тумайды; олардың екінші сыңарлары бірінші компоненттерге қосымша реңк қана жамайды. Бірақ жамалатын сол мағыналық реңк бұл топтағы қос сөздердің бәрінде біркелкі болмайды. Олардың сыртқы дыбыстық өзгерістерінің ерекшеліктеріне қарай,

семантикалық айырмашылықтары да болады. Мысалы: кісі-місі, нан-пан тәрізді қос сөздерден қосыну, кеміту тәрізді мағына аңғарылса, сарт-сұрт, жалт-жұлт дегендердің семантикалары олардан мүлдем басқа. Бұл қос сөздердің синтаксистік және стилистикалық қызметтерінде де іштей ұқсастық жоқ. Ақын шығармаларынан мысалдар келтірейік: Бірақ құдай тағала қолына *аз-маз* өнер берген қазақтың кеселдері болады (130.2). Бағанағы алдамшы шайтан тамыр балалық деп, бір болымсызын берген болып, артынан *үйтемін-бүйтемін*, қарық қыламын, тамырым, досым десе, мен де керектінің бірі болып қалыппын ғой деп... (131.2).

Кавказдан шықты жайнап, қылып *у-шу*

Түзу жерден жол кернеп ұлғайды су (52.2).

Дорбаны беріп, жоғалды,

Аң-таң қылып байғұсты (63.2).

Арсыз құмар болғандар

Опыр-топыр, шақ-шұққа

Түспей жүр ме көрдің бе?

Жалаң-жұлаң, тақ-тұққа (206).

Жақынын сатып, жөн көріп

Қалтаң-құлтаң амалдар (44).

Ұшқыр атпен зырлатып тастағанда

Жарқ-жұрқ етіп ілінер көк дауылпаз (100).

Тиянақ, сенім, сүю көрмей өтті,

Алаң-жұлаң етіпті, тентірепті (56.2).

Бұл қос сөздердің, әдетте, екінші сыңарлары өзгереді. Бірақ өзгеріс сол екінші сыңардың бірде дауыссыз дыбысында, бірде дауысты дыбысында болып отырады.

4) Бір сыңары ықшамдалып қайталанатын қос сөздерге ап-ащы, жап-жақсы, кіп-кішкене, теп-тегіс, тіп-тік, сап-сары сияқтылар жатады. Қос сөздердің бұл түрі үстеме буынды немесе күшейтпе буынды қос сөздер деп

аталады. Ақын шығармаларынан қос сөздердің бұл түрін де мол ұшыратамыз: Аппақ ет, *қып-қызыл* бет, *жап-жалаңаш*,

Қара шаш қызыл жүзді жасырғанда (7).

Қазақтың қайсысының бар санасы?

Қылт етерде *дап-дайын* бір жаласы (26).

Тірі жанға құрбы боп *жап-жасында-ақ*.

Қалжындамақ, қасынбақ, ыржаңдамақ (1,35).

Теке мұрын, салпы ерін, ұзын тісті,

Қабырғалы, жотасы болса күшті.

Ойынды еті *бөп-бөлек*, омыраулы

Тояттаған бүркіттей салқы төсті (1,47).

Сондай-ақ қазақ тілінде өнімді қолданылатын еліктеуіш қос сөздерді Абай да еркін пайдаланған. Мысалы:

Асау той, тентек жиын, *апыр-топыр*,

Ішінде түсі суық бір жан отыр (2,149)

Қарсы алдына жымырып келтірем деп

Ақ тымақтың құлағы *салтақ-салтақ* (1, 35).

Құдай мықты жаратқан үлкен жартас,

Былиш-былиш еткен бет бұрып судан қайтпас (48.2)

Жыбыр қағып, қозғалып, *сылқ-сылқ* күліп,

Қатынды алды, қитықсыз араласты (53.2).

Күн шуаққа жылынар *қалт-құлт* етіп,

Одан ғибрат алар жан бір бөлек-ті (57.2).

Қосарлама қос сөздер

Қосарлама сөздердің құрамдарындағы компоненттерінің екеуінде де өзді-өзіне лайықты дербес мағыналары болады. Бірақ олар іштей мағыналары бір-біріне қарама-қарсы (антонимдес) сыңарлардан, бірімен-бірі мәндес (синонимдес) сыңарлардан, мағыналары бір-біріне ұштас сыңарлардан құрылған болып үш топқа бөлінеді:

1. Қарама-қарсы (антонимдес) сыңарлардан құралған қосарлама сөз жинақтау, топтау ұғымын білдіреді. Ондай компоненттер біріне-бірі жетекші, я көмекші бола алмайды, екеуінің де қызметі бір-бірімен тең болады. Мысалы: Қайдан білсін өмірдің *көбін-азын* (1,218)

Қарашы ол, бүлік, құдайдан
Сұрайды дауыл *күні-түн* (2,144)

Күн батқанша шабамын,
Әрлі-берлі далпылдап (379.1).

Өлсе өлер табиғат, адам өлмес,

Жоғары-төмен үйрек-қаз,

Ұшып тұрса сымпылдап (34)

Келіп-кетіп көп жүріп,

Мен досыңмын деп жүріп (43).

Бүгін-ертең жетем деп,

Көңілге алған дәулетке (111).

Кең сауырлы, тар мықын, қалбағайлы

Алды-арты бірдей келсе ерге жайлы (33).

Байлықпен пайдам тигізіп,

Сыйлар ем *алыс-жақынды* (63.2).

Өзге қара жұрт *жақсы-жаман* өздерінің шаруасымен жүре береді екен (155.2).

2. Мәндес сыңарлардан қосарланған сөздер мағыналары бір-біріне жақын сыңарлардан құралады да, топтау, жинақтау ұғымдарын білдіреді. Мысалы: зәре-құт, дос-жар, ыза-ашу, қауіп-қатер, ес-түс, уайым-қайғы, түр-түс, мінез-құлық, кескін-кейіп, бет-жүз, дене-тұлға, сауық-сайран, тәлім-тәрбие, өсім-өнім, ел-жұрт, үлгі-өнеге сияқты қосарлама зат есімдерді, шаршап-шалдығып, өкіріп-бақырып, ойланып-толғанып, жата-жастана, жығыла-сүріне, жазбай-жаңылмай, арыған-талған, қақтыққан-

соқтыққан сияқты қосарлама етістік формаларының мағыналары жақын, синонимдес сыңарлардан құралған. Мысалы:

Ынсап, ұят, *ар-намыс*, сабыр талап

Бұларды керек қылмас ешкім талап (1,67).

Жазғытұрым қылтиған бір жауқазын

Ол бірақ қайтып келіп *ойнап-күлмес* (1,178)

Кейде ойлайды жылауға *қайғы-зарын*,

Тынышсыздау күнде ойлаған дерттің бәрін (321).

Енді *ұры-залым, сұм-сұрқия* өзі де тындамайды (105.2).

Уайым-қайғысыздығына *уайым-қайғы* қыл дағы, сол уайым-қайғысыздықтан құтыларлық орынды харекет табу керек һәм қылу керек (100.2.). Енді мұндай халықты еріксіз қорқытып көндірерлік *күш-қуат* ешікмеге бітпейді (158.2).

Бірақ қосарлама сөздердің бәрі де топтау, жинақтау ұғымдарын білдіргенімен, олардың әрқайсысының мағынасында компоненттерінің ерекшеліктеріне қарай, өзіне тән әр алуан субъективтік, экспрессивтік, эмоциялық өзгешеліктер болады.

3. Ұштас мәнді сыңарлардан қосарланған сөздер бір-біріне өз ара қарымдас, ұқсас ұғымдарды білдіретін дара сөздерден құралады. Бұл сөздер де тым жалпыланған, аса жинақталған ұғымдарды білдіреді. Мысалы: аяқ-қол, өкпе-бауыр, ыдыс-аяқ, қазан-аяқ, аға-іні, әке-шеше, ағайын-туған, етек-жең, қазан-ошак, қол-қанат, соқа-сайман, төсек-орын, ән-күй, өнер-білім тағы басқалар коррелятивтес сөздерден құралған. Ақын шығармаларынан мысалдар келтірейік:

Жазғытұры қалмайды қыстың сызы,

Масатыдай құлпырар жердің жүзі

Жан-жануар, адамзат анталаса,

Ата-анадай елжірер күннің көзі (1,122).

Себебі: *ата-анасы, ағайын-туғаны* бір жағынан бұзып жатыр (120.2).

Әуел- *білім-ғылым* табылса, дүниенің бір қызықты нәрсесіне де керек болар еді деп іздемесе керек (128.2).

Ішкен-жеген, таласқан, *ойнап-күлген*

Кезек жоқ, келісім жоқ, сөйлей берген (87.2.).

Жазға жақсы киінер *қыз-келіншек*,

Жер жүзіне өң берер *гүл-бәйшешек* (100)

Туғызған *ата-ана* жоқ,

Туғызарлық бала жоқ

Туысқан-туған құрбылас

Қызығымен және жоқ (173).

Кербездің екі түрлі қылығы болады: бірі- *бет-пішінін, сақал-мұртын*, мүшесін, *жүріс-тұрысын, қас-қабағын* қолдан түзеп, шынтағын көтеріп, қолын тарақтап әуре болмақ (114.2).

Абай қолданған қос сөздер тілдік тегі жағынан:

А) екі компоненті те түркі сөзі:

Б) бір компоненті қазақ, екіншісі араб-парсы сөзі

В) екі компоненті де шығыс сөздері болып келеді. Екі сыңары да түркі элементтерінен жасалған қос сөздердің басым көпшілігі жалпы халықтың тіл қазынасынан алынып қолданылғандар, олар сол кездегі сөйлеу тілінде де, қазақ әдеби тілінде де, ауыз әдебиеті тілінде де кездесетіндер. Бұлар морфологиялық құрылымы жағынан қайталама түбірлерден, қарсы мәнді түбірлерден, мәндес түбірлерден жасалған қос сөздер болып келеді.

Бір сыңары шығыс сөздері болып келетін қос сөздер де Абайда кездеседі, бірақ олар да халықтың тіл қорынан (дос-жар, жер-жиһан, сән-салтанат) және сан жағынан өте шағын. Мысалы:

Болса да *сән-салтанат*, қызық әсем,

Тез жалығып айнымын, тұрлауым кем (21,2)

Пайдасыз ғылымменен ми кептірер,

Дос-жарға мақтан етіп, бұлдап көрер (41.2).

Берген бе тәңірім саған өзге туыс?

Қыласың *жер-жиһанды* бір-ақ уыс (153.1).

Ал екі сыңары да араб-парсы элементтері болып келетін қос сөздер мұнан да аз (қарып-қасер, әділет-шапқат, ғиззат-құрмет). Мысалы: Дүниеде *ғиззат-хұрмет* алмақ үшін, қажы болмақ үшін қажы болғанды, молда болғанды, сопы болғанды, жомарт болғанды, шейіт болғандарды бір бөлек қояр дейді (2.132.). *Ғарып-қасар* бишараны құрметтейін десең, әділет ұят, нысапқа есті кісі елде жоқ (117.2). *Әділет-шапқат* кімде бар, Сол жарасар туғанға (141.1).

Абай сөзді қосарлау арқылы жаңа лексикалық единицаларды жасауды басты, өнімді тәсілдердің бірі етіп алмаса да, кейбір зертетушілер танығандай, мағыналары жуық кейбір сөздерді қатар қолданып, кейде қос сөз дәрежесіне келтіру тенденциясы бар.

Мысалы, ағайын-жұрт, ағайын-туған, ақыл-ой, арқа-басы, әл-қуат, думан-сауық, дос-асық, жылай-жырлай, зар-нала, керім-кербез, әділет-шапқат, есен-сау, ұры-залым, ғиззат- құрмет тәрізді парларды Абай өзі тіркестірсе керек. Бұлар қос сөз категориясына өте жуық келеді. Ақын шығармаларынан мысалдар келтірейік: Енді *ұры-залым, сұм-сұрқия* өзі де тыңдамайды (105.2). Себебі: ата-анасы, *ағайын-туғаны* бір жағынан бұзып жатыр (120.2). Жорғалықпенен көңілің алсам екен деген надан әкешешесін, *ағайын-жұртын*, дінін адамшылығын жаурыннан бір қаққанға сатады (119.2). Мал, мақтан, *ғиззат-хұрмат* адамды өзі іздеп тапса, адамдықты бұзбайды һәм көрік болады (137.2).

Басы-көзі қан боп,

Арқа-басы шаң боп (71.1).

Ауру да емес, сау да емес,

Құрыды *әл-қуатым* (5.1).

Дос-асықтың болмайды бөтендігі,

Қосылған босаспайды жүрек жігі (38.1).

Есен-сау жүрсіз бе,

Ақынның төресі (76.2).

Үлгі алсын деймін ойлы жас жігіттер,

Думан-сауық ойда жоқ әуел баста-ақ (51.1.)

Салақ, олақ, ойнасшы, *керім-кербез*,

Жыртаң-тыртаң қызылдан шығады ерек (24.1).

Е.Жанпейісов дұрыс көрсеткендей¹, Абайдың сөзді қосарлап қолдану әрекеті М.Әуезовтен әлдеқайда аз, бірақ жалпы тенденциясы Абайдан басталатын рас.

Қос сөздерді пайдалануда бір ерекшелік- өлең шартына байланысты қос сөз компоненттерінің арасына жалғаулық немесе басқа сөздер салып, ажыратып жіберу фактісі бар.Мысалы:

Қай мезгілде тойғыздың

Қатыны мен қалашын (1,21).

Әуремін мен тыя

Дауың мен шарыңды (1.220)

Ұрыңнан асырдың

Сұм тілді қарынды (1,220)

Бұл тәсіл жалғыз Абайға емес, бүкіл қазақ поэзиясының тіліне тән. Мысалы, Қаріп пенен қасірге болды қорған (Шөже, 123), Телі менен тентекті тыяр десе (Сүйінбай). Әрине, бұл Абай дәуіріне немесе Абайға тән норма емес, өлең тілінің шарттарына байланысты құбылыс.

2. Біріккен сөздер

Жаңа сөз жасаудың синтаксистік тәсілінің бірі- түбірлерді біріктіруді Абай актив қолданбаса да, бұрыннан әдеби тіл мен ауызекі тілде бар біріккен тұлғаларды еркін пайдаланған. Абай қолданған ақсақал, атқомшы, атшабар, жаманат, баспана, бозбала, бозкүйез, желбуаз, жаздыгүн,

¹ Жанпейісов Е. Абай Құнанбаев пен Мұқтар Әуезовтің тіліндегі стильдік кейбір ортақ өрнектер. Қазақ ССР ҒА.Хабаршысы, 1962, №11, 42-43бб.

жарымес, желқабыз, желөкпе, көкжиек, көкорай, күншығыс, қалжыңбас, қылжақбас сияқты сөздер ертеден бірігіп, лексикалық бір мағына иесіне айналғандар. Абай мүмкін қолөнер тәрізді бірер сөз болмаса, өздігінен жаңа біріккен сөздер жасамаған. Абай шығармаларынан төмендегідей біріккен сөздерді көруге болады: Егер де мал керек болса, *қолөнер* үйренбек керек (130.2). Өзі оңбаған *антұрған*, Кімге ойлайды береке? (41). *Кейбіреулер* айтады: «Ақыл жибили болмаса да, талап – жибили. Талап берген адам ақылды тапты»- дейді (2.161.). *Әрқайсысы* қазаққа бұлдамақ та болып, басына «осыным *бірсытыра* елеу азық болар» деген талаппен қылып жүр (164.2).

Орныңнан тұра шабасың,

Атшабар келсе қышқырып (56.1).

Сырты абыз бар, *Желқабыз* бар

Алты ауыз бар- өзге жоқ (125.1).

Қынаменде, жар-жар мен *беташар* бар,

Өлеңсіз солар қызық бола ма гүл (50)

Керек емес *бозбалаға*-талаптылық,

Әр түрлі өнер, мінез, жақсылық (1,38)

Амалдап қарағайды талға жалдап,

Әркім жүр алар жердің қамдап (1,67).

Білмейсің десе *желөкпе*,

Дейді ол дағы –тәңірі ісі (110.1)

Кіріккен сөздер:

Әйелде ешбір опа жоқ,

Бүгін- жалын, ертең- шоқ (30.2).

Көгалды қуып, ән салып,

Өлеңнен қолым тиді ме?(69.2).

Жас қыз бен жас *бәйтерек*-бәрі бірдей,

Жапырағы тұра ма жылда өзгермей (21.2).

Жазғытұры қалмайды қыстың сызы,
Масатыдай құлпырар жердің жүзі(1,122)
Жаздыкүн шілде болғанда,
Көкорай шалғын *бәйшешек*
Жазғытұрым қылтиған бір *жауқазын*
Қайдан білсін өмірдің көбін-азын (1,218)
Қой жайылып *жаздыкүн*
Шыққан екен қияға (66.2).

Жалғыз, Абай емес, жалпы сол тұстағы қазақ әдеби тілінде бұл тәсіл актив қолданылмаған. Атқамінер, елубасы, онбасы, атшабар сияқты бес-он образды атаулар о баста жалпы халықтың сөйлеу тілінде пайда болған, әдеби тілге сөйлеу тәжірибесінен енген. Екі түбірді біріктіріп, жаңа мағыналы сөз жасау тенденциясы ХХ ғасырдың 20-40- жылдарында активтенгені мәлім.

Қорытынды

Абай Құнанбаев шығармаларының тілін сөз еткенде, негізгі тұжырым- Абай – қазақтың қазіргі жазба әдеби тілінің іргетасын қалаушы деген қағида. Бұл қағиданы белгілегендер- М.Әуезов, Қ.Жұмалиев, С.Мұқанов, М.С.Сильченко, Б.Кенжебаев, Е.Ысмайылов т.б. сияқты әдебиет зерттеушілері мен Қ.Жұбанов, С.Аманжолов, І. Кеңесбаев, Н.Сауранбаев, М. Балақаев, А.Ысқақов, Ғ.Мусабаев тәрізді тіл мамандары. Проф. Қ.Жұмалиевтің «Абай поэзиясының тілі» атты монографиясынан бастап, жоғарғы аталған ғалымдар әр кезеңде, әр тұста Абайдың қазақ әдеби тілі тарихындағы атқарған ролі мен алған орны туралы сөз етіп келді. Бұл ғалымдардың кейбіреулері жеке мақалалар арнап, енді біреулері ұлы ақынның әдеби творчествосы туралы жазған үлкен монографияларының немесе басқа да еңбектерінің ішінде Абай қолданған жеке сөздер мен кейбір көркемдеу тәсілдерінің және грамматика саласындағы бірқатар ерекшеліктерін жүйелі түрде болмаса да, аз-аздап талдап көрсетіп келді. Көрнекті ғалым профессор Р.Сыздықованың ұлы Абай шығармаларының тіліне арналған әр жылдары жарық көрген «Абай шығармаларының тілі», «Абай өлеңдерінің синтаксисі», «Абайдың сөз өрнегі» монографиялары бар. Біз реферат жұмысын жазу барысында жоғарыда көрсетілген ғылыми-теориялық еңбектерді басшылыққа ала отырып, А.Құнанбаев шығармаларындағы сөздердің жасалу тәсілдерін үйреніп шықтық

Жұмыстың негізгі бөлімінде А.Құнанбаев шығармаларындағы сөз жасаудың синтаксистік тәсілдерін үйреніп шықтық. Сөз жасаудың синтаксистік тәсілдері- сөздердің қосарлануы, бірігуі және тіркесуі Абай тілінде қазіргідей жүйелі амалдар, бірақ өнімділігі жағынан бірдей емес. Бұл бөлімде негізінен ақын шығармаларындағы қос сөздер мен біріккен сөздердің жұмсалу ерекшеліктеріне мысалдар топтастырдық.

Қорыта айтқанда, Абай Құнанбаев- дайын тұрған әдеби тілді пайдаланған қатардағы қаламгер емес. Абай- сол әдеби тілдің даму жолындағы жаңа дәуірін бастаушы, сапалық жаңа типінің іргетасын қалаушы адам. Екінші, Абай- лингвистикалық талдау үшін үлкен мәні бар екі салада- поэзия және проза түрінде жазған адам, оның үстіне поэзиясында да, прозасында да бірнеше жанрлардың белгілері бар мұраның иесі. Осының барлығынан Абай тілі өз тұсындағы қазақ әдеби тілін белгілі бір шамада толығырақ көрсететін дәрежеде танылады. Сондықтан Абайдың шеберлік ерекшелігіне үңілмес бұрын, оның сөздік құрамы мен грамматикасын таза лингвистикалық тұрғыдан тіркеп, жүйелеп талдап шығу қажеттігі сезіледі.

Ұлы ақын А.Құнанбаев шығармалары арқылы қазіргі жазба әдеби тіліміздің ХІХ ғасырдың ІІ жартысындағы- өзінің басталар тұсындағы- лексика-грамматикалық сипатын белгілі дәрежеде танып-білсек, екінші жағынан ұлы ақынның жазушылық шеберлігі мен өзіне тән стильдік тәсілдерін және оның қазақ әдеби тілі дамуындағы шоқтығы биік орнын анықтаймыз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Абай. Қалың елім, қазағым. Алматы. Атамұра. 2002ж.
2. Абай. Екі томдық шығармалар жинағы. 1-2 том Алматы. Жазушы. 1986.
3. Балақаев М. Жанпейісов Е., Томанов М., Манасбаев Б. Қазақ тілінің стилистикасы. Алматы. 1974ж.
4. Балақаев М. Жанпейісов Е., Томанов М. Қазақ әдеби тілінің мәселелері Алматы. 1961ж.
5. Жұбанов Қ. Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері және Абай поэзиясының тілі. Алматы. 1980ж.
6. Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі. Алматы. 1989ж.
7. Мусабаев Қазақ тілі тарихынан. Алматы. 1988ж.
8. Мухамедханов Қ. Абай шығармаларының текстологиясы жайында. Алматы. 1959ж.
9. Сыздықова Р. Абай шығармаларының тілі. Алматы. 1968ж.
10. Сыздықова Р. Абай өлеңдерінің синтаксистік құрылысы. Алматы. Ғылым. 1970.
11. Сыздықова Р. Абайдың сөз өрнегі. Алматы. Санат. 1995ж.
12. Сыздық Р. Абай және қазақтың ұлттық әдеби тілі. Алматы. 2004ж.
13. Сыздықова Р. Қазақ әдеби тілінің тарихы. Алматы. Ана тілі. 1993ж.
14. Сыздықова Р. Сөз құдыреті. Алматы. Атамұра 2005ж.
15. Томанов М. Қазақ тілінің тарихи грамматикасы. Алматы. Мектеп. 1988ж.
15. Ысқақов Р. Қазіргі қазақ тілі. Морфология. Алматы. 1991ж.